

**Фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының жобаларын басқару тобы (ЖБТ)
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ ҚР ОӘК.**

2026 ж 15 маусым

Хаттама №10

Отырыстың онлайн форматы

ЖБТ үйлестірушісі «ОҚМА» АҚ

Отырыстың басталуы: 16.00

Қатысқандар: 23 қатысушы

Модератор: Ибрагимова А.Г. – ЖБТ жетекшісі, ф.ғ.к., ОҚМА

Қатысушылар:

1. Оразбаева П.З. – Фармация мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
2. Шмирова Ж.К. – ф.ғ.к., Фармацевтикалық істі ұйымдастыру және басқару кафедрасының меңгерушісі, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.
3. Сагинбазарова А.Б. – Фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ.
4. Қожанова Қ. Қ. — фарм. ғ. к., қауымдастырылған профессор, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ инженерлік пәндер кафедрасының меңгерушісі.
5. Лосева И.В. – б.ғ.к., доцент, Фармация мектебінің деканы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
6. Абленова А.Т. – Биохимия және химиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Семей медицина университеті» КеАҚ.
7. Утепова Д. Б. – «АМУ» КеАҚ Ғылыми-зерттеу қызметі орталығының бас маманы.
8. Тулебаев Е.А. – PhD, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Bolashaq» Академиясы.
9. Тлеубаева М.И. – PhD, қауымдастырылған профессор, ФҰЭЖКФ кафедрасының доценті, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
10. Тулегенова Г.А. – мед. ғылымдар магистрі, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ.
11. Каюпова Ф.Е. – фарм. ғылымдар к-ты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.
12. Берденов Д. К. – «Фундаменталды медицина» кафедрасының меңгерушісі, «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» КеАҚ.
13. Анарбаева Р.М. – Комитет төрағасының орынбасары, профессор, Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының профессоры, «ОҚМА» АҚ.
14. Кантуреева А.М. – PhD, Фармацевтикалық технология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
15. Устенова Г.О. – ф.ғ.д., профессор, Фармацевтикалық технология кафедрасының меңгерушісі, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
16. Асильбаева Д. А. – Доцент, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КеАҚ.
17. Келимханова С.Е. – Профессор, Фармацевтикалық пәндер кафедрасы, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.
18. Ордабаева С.К. – профессор, Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
19. Токсанбаева Ж.С. – профессор м.а., Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
20. Орынбасарова К.К. – профессор, Фармация ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, «ОҚМА» АҚ.

21. Бабаева Г.С. – Магистр, Биохимия және химиялық пәндер кафедрасының оқытушысы, «Фармация» мамандығының үйлестірушісі.
22. Сейдалиева С.К. – фарм.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының аға оқытушысы, «ОҚМА» АҚ.
23. Туреханова А.С. – мед.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының оқытушысы.

Күн тәртібі

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ (Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігі) Фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша жобаларды басқару тобының 2025–2026 оқу жылындағы есебін талқылау және бекіту.
2. Назарбаев Университеті Медицина мектебінің магистратура білім беру бағдарламаларын талқылау: «Молекулалық медицина саласындағы магистр» және «Фармакология және токсикология саласындағы магистр».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ Фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша жобаларды басқару тобының (ЖБТ) 2025–2026 оқу жылындағы есебін ұсынған А.Г. Ибрагимова тыңдалды.

Баяндамада ЖБТ қызметінің негізгі бағыттары, қатысушылар құрамы, фармацевтикалық білім беру бағдарламалары аясында жүргізілген жұмыстар, сондай-ақ есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері көрініс тапты.

Талқылау барысында ЖБТ мүшелері ұсынылған есептің жұмыстың негізгі қорытындыларын көрсететінін және ЖБТ қызметінің бағыттарына сәйкес келетінін атап өтті.

Шешілді:

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ Фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша жобаларды басқару тобының 2025–2026 оқу жылындағы есебі назарға алынсын.
2. Ұсынылған есеп бекітілсін.

Екінші мәселе бойынша:

Назарбаев Университеті Медицина мектебінің магистратура білім беру бағдарламаларын талқылау: «Молекулалық медицина саласындағы магистр» және «Фармакология және токсикология саласындағы магистр».

А.Г. Ибрагимова сөз сөйлеп, ұсынылған білім беру бағдарламаларының мазмұны жағынан қызықты әрі заманауи екенін, алайда оларды медициналық білім беру бағдарламаларына жатқызуға болмайтынын атап өтті. Бұл мәселені қарау кезінде тек бағдарламаның мазмұнын ғана емес, сонымен бірге бакалавриат түлектерінің базалық білімін, берілетін біліктілікті, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесіндегі бұдан былайғы кәсіби қызмет мүмкіндігін де ескеру қажет.

Ф.Е. Қаюпова аталған білім беру бағдарламаларын медициналық және фармацевтикалық мамандықтарға жатқызбау керектігін және бұл бағдарламалардың түлектері ғылыми-зерттеу, зертханалық, талдамалық немесе академиялық қызметпен байланысты жекелеген лауазымдарға орналаса алады, алайда оларды дәріхана ұйымдарында жұмыс істеуге немесе кәсіби медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға дайындалған мамандар ретінде қарастыруға болмайтындығын айтты.

Е.А. Төлебаев мұндай бағыттағы магистрлік бағдарламалар мамандардың біліктілігін арттыру, кәсіби құзыреттерін кеңейту және қайта даярлау үшін пайдалы болуы мүмкін деген ұстанымды білдірді, өйткені олар заманауи ғылыми және пәнаралық мазмұнды қамтиды. Сонымен бірге, бағдарламалардың мазмұнының өзі базалық білімді,

берілетін біліктілікті және денсаулық сақтау саласындағы мамандықтардың қолданыстағы номенклатурасын ескермей, оларды медициналық немесе фармацевтикалық мамандықтарға жатқызуға негіз бола алмайды.

Талқылау барысында ЖБТ мүшелері білім беру бағдарламаларының мәртебесін анықтау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы кадрларды даярлау жүйесін ескеру қажет деген ортақ пікірге келді. Бағдарламаның медициналық немесе фармацевтикалық білімге тиесілілігі тек оның атауымен және жекелеген пәндердин мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар білім беру саласымен, даярлау бағытымен, білім беру бағдарламаларының тобымен, берілетін біліктілікпен және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкестігімен анықталады.

Бұл ұстанымның нормативтік растамасы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 16 мамырдағы №218 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификациясы қаралды. Аталған классификация білім беру бағдарламаларын білім беру саласы, даярлау бағыты және білім беру бағдарламаларының тобы арқылы анықтайды, сондықтан бағдарлама атауында «медицина», «фармакология» немесе «токсикология» терминдерінің болуы өздігінен бағдарламаны медициналық немесе фармацевтикалық мамандықтарға жатқызуға негіз болып табылмайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығымен денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулардың номенклатурасы, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары бекітілгені назарға алынды. Бұл номенклатурада «Молекулалық медицина магистрі» және «Фармакология және токсикология магистрі» біліктіліктері медициналық немесе фармацевтикалық мамандықтар ретінде көзделмеген.

ЖБТ мүшелері аталған білім беру бағдарламаларының түлектеріне қолданыстағы номенклатурада көзделген дәрігер, провизор, клиникалық фармаколог немесе денсаулық сақтаудың басқа да маманы біліктілігі берілмейтінін атап өтті. Молекулалық медицина магистрі немесе фармакология және токсикология магистрі дәрежесін алудың өзі медициналық, фармацевтикалық немесе клиникалық-фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға құқық бермейді, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын алу үшін дербес негіз болып табылмайды.

Бұл бағдарламалардың негізінен ғылыми-зерттеу және академиялық бағытқа ие екендігі бөлек атап өтілді. Олар аурулардың молекулалық механизмдерін, эксперименталды фармакологияны, токсикологияны, биомедициналық зерттеулерді, талдаудың зертханалық әдістерін және трансляциялық медицинаны зерттеуге бағытталған. Аталған бағыттар ғылым мен биомедициналық зерттеулерді дамыту үшін маңызды, бірақ олар практикалық денсаулық сақтау мамандарын даярлаумен тең емес.

Сонымен қатар, «Фармакология және токсикология саласындағы магистр» бағдарламасының атауында «фармакология» терминінің болуы оның клиникалық фармакологияға жататынын білдірмейді. Клиникалық фармакология — тиісті базалық медициналық білімді аталған және пациенттерде дәрілік заттарды ұтымды қолдануға бағытталған медициналық мамандық. Қарастырылып отырған магистрлік бағдарламада фармакология мен токсикология негізінен іргелі және зерттеу биомедициналық пәндері ретінде зерттеледі.

Жоғарыда айтылғандарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің 19.03.2026 ж. №617 жауабын ескере отырып, ЖБТ мүшелері Назарбаев Университеті Медицина мектебінің «Молекулалық медицина саласындағы магистр» және «Фармакология және токсикология саласындағы магистр» магистратура білім беру бағдарламалары пәнаралық ғылыми-зерттеу сипатына ие және практикалық денсаулық сақтаудың медициналық және фармацевтикалық мамандықтарына жатпауы тиіс деген қорытындыға келді.

Шешілді:

1. «Молекулалық медицина саласындағы магистр» және «Фармакология және токсикология саласындағы магистр» білім беру бағдарламаларының базалық фармацевтикалық білімі жоқ түлектері фармацевтикалық мамандықтар мен мамандандырулардың қызметкерлеріне жатпайды.
2. Түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарау кезінде олардың базалық білімі, денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулардың қолданыстағы номенклатурасы, сондай-ақ фармацевтикалық ұйымдардағы кәсіби қызметке қойылатын біліктілік талаптары ескерілсін.

ЖБТ басшысы

Хатшы




Ибрагимова А.Г.

Туреханова А.С.